

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым



V00064

30.09.2020 ж

2

0

2

0

**ТАБАРИКОВА АЛИЯ
ФАЙЗУЛЛОВНА**

Қарағанды қаласы КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»

II-санатты тәрбиеші

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

30.09.2020 ЖЫЛ | № V00064

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы» II-санатты тәрбиеші: Табарикова Алия Файзулловна

Тәрбиеші болу – бақыт!

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бағыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім. Сондықтан да жауапкершілік жүгі ауыр осынау қажырлы іске бой ұрған әрбір маман қоғам арасында үлкен құрметке ие болатындай дәрежеге иек артуға тиіс. Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағанымға еш өкінбеймін.

Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал...

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

Педагог К.Гельвеций: «Тәрбиеші – балаларға ересек әлемге есік ашатын сиқыршы. Тәрбиешінің білімі мен біліктілігіне тәрбиеленушілерінің болашағы тәуелді», деген екен бір сөзінде.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз.

Даңқты қаһарман Бауыржан Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деп ескерткен болатын. Біз осынау қауіптің болмауына бас-көз болып, тіліміздің, діліміздің жас ұрпақ бойына бай әрі қазыналы қалпында сіңірілуіне күш салудамыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай ағамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымға он үш жыл болған екен.

Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиленушінің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау.

Тәрбиеші болу – әр балаға екінші ана болуға парапар еңбек. Анадай мейірім мен қамқорлық таныту, аялы сөздермен ілтипат білдіріп, ізгіліктерге бағыттау біздің күнделікті еңбегімізде өріліп жатыр. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнәмен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс.

Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқыған жоқ», деген екен. Ал В.Сухомлинский: «Баланың шығармашылық қабілеті мен дарынының бастауы - саусақ ұштарында», дейді. Осындай қағидаларды басшылыққа алған мен өз тәжірибемде: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін бейнелеу өнері арқылы дамыту» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізудемін.

Тәрбиешілік жолдағы басты мақсатым - бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың конструкторлық, танымдық, шығармашылық, іскерлік қабілеттерін дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев.

Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз.

Он жылдан аса тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басыбүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы» II-санатты тәрбиеші: Табарикова Алия Файзулловна

Тақырыбы: Жаңбырлы күн

Білім беру салалары: шығармашылық.

Бөлімі: сурет салу.

Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.

Міндеттері: білімділік: балаларға табиғи құбылыстар туралы білім беру;
дамытушылық: үзік сызықтарды жоғарыдан төмен қарай бір бағытта қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету;

тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: жаңбырдың түрлері және оны қағаз бетінде түсіру ерекшеліктерін игере отырып, губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салады; **түсінеді:** табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі;

қолданады: қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алады, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтайды.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен құрал-жабдықтар: көгілдір түсті бояу, ақ қағаз, губка, су, сүрткіш, №1 жұмыс дәптері.

Көптілділік: жауын – дождь – rain, бұлт – туча (облака) – cloud.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Губкамен жұмыс жасауға, яғни бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындап, қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын көрсетеді.

2. Негізгі кезең

Педагог:

-Менің жұмбағымның шешуін тауып көріңдер. Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. (Жаңбыр).

-Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма?

1. Тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не?

2. Түсі қандай? – Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Кәне, тыңдап көрейік.

Педагог үстел үстіне саусақтарымен тысырлатып жаңбыр дыбысын бейнелейді.
– Ой, жаңбыр құйып жауып кетті.

Көркем сөз оқу.

Педагог көптілділік компонент бойынша жауын – дождь – rain, бұлт – туча

(облака) – cloud ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөлу керек.

Сергіту сәті

Жауын-жауын жауады, Бәрін суға малады.

Біз қарындаш аламыз, Тамшыларды саламыз.

3. Жаңбыр жаумас бұрын, алдымен аспанда не пайда болады? – Олай болса қағаз бетіне алдымен бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз (салу тәсілін көрсетеді). Үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен сүйкей жағу тәсілімен немесе губканың бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. Қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын қадағалайды. Жұмыстарына басшылық жасайды, аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалайды. Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатады. Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді. Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет. Балаларға берілетін қағаздың төменгі бөлігінде сәбіз, қызылша т.б. көгөністер салынған немесе қиып жапсырылған. Көгөністердің шөлін қандыру үшін, нөсер жаңбыр жауғызуымыз керек деген тапсырма беріледі.

3.Рефлексия

Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.

* * * * *

**Қарағанды қаласы. КМҚК «Мөлдір» бөбекжайы»
II-санатты тәрбиеші: Табарикова Алия Файзулловна**

Білім беру салалары: таным, шығармашылық.

Бөлімі: ҚМҰҚ.

Тақырыбы: Сандарды салыстыру. Алыс – жақын.

Мақсаты: 1-ден 4-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:**

•үлгі бойынша және аталған сан бойынша санап үйрену;

4. сандардың байланысын түсіндіру (2-3);

•1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру;

5. санмен берілген жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету;

6. цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;

7. кеңістік ұғымын қалыптастыру (алыс, жақын);

8. шеңбер, шаршы, үшбұрыш сынды геометриялық пішіндер туралы ұғымды бекіту;

9. логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;

10. Жаңа жылға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Күтілетін нәтижелер:**

біледі: 1, 2, 3, 4 цифрларын, «алыс – жақын» ұғымдарын; **түсінеді:** үлгі бойынша санауды, аралас сандарды салыстыруды; **қолданады:** «ұзындау, қысқалау» ұғымдарын; шеңбер, шаршы, үшбұрыш сынды геометриялық пішіндер туралы ұғымды.

Қажетті көрнекі құралдар: демонстрациялық материал (№5 кесте), № 1 жұмыс дәптері, балалардың әрқайсысында 12–18 см ұзындыққа дейін жететін 3 жолақ.

Билингвальді компонент: төрт – четыре, ұзынырақ – длиннее, алыс –далеко, жақын – близко.

ҰОҚ -нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға жұмбақ жасырады:

– Балалар, жұмбақтарды мұқият тыңдаңдар. Оны шешуге жұмбақтың ішіндегі сандар көмектеседі.

Екі қарауыл, Екі тыңшы, Бір жыршы.

Төрт қырлы, өзі аппақ,

Тақтадағы ізі аппақ. Екі атым бар тынбайтын, Өзімді ғана тыңдайтын.

2. Негізгі кезең.

1-тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді:

a. Суретте неше шырша бейнеленген?

b. Төменгі қоршауға сонша дөңгелектің суретін сал.

c. Тағы бір дөңгелек қосыңдар. Нешеуі артық?

Үлестірмелі материалмен жұмыс.

Педагог балалармен бірге жолақшаларды бір-біріне қойып салыстырады. Педагог балаларға неше жолақша барын анықтауға көмектеседі және олардың көлемі туралы айтып береді. Балалардан сол қолға ең қысқа жолақшаны, ал оң қолға ең ұзынын алуын сұрайды. Содан соң тапсырма береді:

d. Енді бір-біріне қойып, ең ұзыны қайсысы, ең қысқасы қайсысы екенін анықтаңдар.

Сергіту сәті.

Біздер санай білеміз, Білмегенге күлеміз. Біреу, екеу, үш, төрт деп, Бес, алты ... деп жүреміз. 2-тапсырма.

Педагог әр карточкадағы шыршаның ойыншықтарын санап, солардың санына сәйкес келетін цифрды бояуға тапсырма береді.

Содан соң мынадай сұрақ қояды:

e. Әр карточкада қандай цифр боялды және неге ол цифрды боядыңдар?
3-тапсырма.

Педагог балалармен бірге суретті қарап шығады және тапсырма береді:

f. Балалар, Аязата өте асығыс. Ол балабақшаға тез жетуі тиіс. Ол жол айрығында тұр, бірақ қай жолмен жүрерін білмейді. Әрине, тезірек жету үшін ол ең қысқа жолмен жүруі керек. Демонстрациялық материалдың №5 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау.

4-тапсырма.

Педагог балалардан жоғарғы қатардағы пішіндерді атап берулерін сұрайды.

g. Жоғарғы бұрыштағы пішіндерді рет-ретімен атап беріңдер.

h. Екінші және үшінші қатарларға жетпей тұрған пішіндердің суретін салыңдар. Қандай пішіндердің суретін салдыңдар?

3. Рефлексия.

Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру.

Педагог балаларды ҰОҚ-де белсенділік танытқаны үшін мақтайды.